



Абай елі

Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл!

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№39 (829)

16 - 23 қазан 2025 ЖЫЛ

Құрметті құтқарушылар!



Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының Құтқарушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Құтқарушы – асқан батылдық пен биік жауапкершілікті талап ететін қадірлі мамандық. Сіздер әрдайым төтенше жағдайлардың алдыңғы шебінде жүріп, өз өмірлеріңізді қатерге тігіп, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында ерен еңбек етіп келесіздер. Ел басына күн туған шақтарда көрсеткен ерліктеріңіз бен табандылықтарыңыз – баршаға үлгі.

Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз, темірдей тәртіп пен рухы мықты ерік-жігерлеріңіз еліміздің тыныштығы мен азаматтарымыздың амандығы үшін өлшеусіз маңызға ие.

Осы мерейлі күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызмет жолдарыңызда толағай табыс пен жаңа жетістіктер тілейміз!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Абай ауданының әкімі:

Мәслихат төрағасы:

М.Смаәулов

М.Нұрсұлтанұлы

ҚАУІПТІҢ АЛДЫНДА ҚАЙМЫҚПАЙТЫН ҚЫЗМЕТ



Қазақстанда жыл сайын 19 қазан – Құтқарушылар күні ретінде атап өтіледі. Бұл – қауіп-қатерге қарамай, адамдардың өмірін құтқаруға жанын салатын азаматтық қорғау саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Биыл бұл мерекеге 30 жыл толып отыр.

алдын алу жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді.

2008 жылы Ғалия Саятқызымен шаңырақ көтеріп, бүгінде бір қыз бен қос ұлдың әкесі. Жары Ғалия Саятқызы үлгілі ұстаз, аудандық Абай атындағы мамандандырылған мектеп гимназия интернатында тарих пәнінің мұғалімі

Кәсібіне деген адалдығы мен табандылығының арқасында бірнеше мәрте медальдармен наградталған, 2022 жылы аудан әкімінің «Жыл құтқарушысы» автағына ие болған.

С он да й - а қ а у д а н ы н ы ң құтқарушыларының қызметі де айрықша құрметке лайық. Олар жергілікті халықтың қауіпсіздігі үшін тәулік бойы қызмет етіп, қиын сәттерде шынайы батырлық пен адалдықтың үлгісін көрсетуде. Олардың кәсібилігі мен жанкештілігі – аудан тұрғындарының амандығы мен тыныштығының кепілі. Сондықтан барша қауым осы құтқарушыларға алғыс айтып, олардың еңбегін әрдайым жоғары бағалауға тиіс

Адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қоғамдағы ең басты міндеттердің бірі. Бұл миссияны медицина қызметкерлері ғана емес, әртүрлі салада қызмет ететін мыңдаған мамандар күн сайын орындап жүр. Солардың бірі – ел басына күн туған сәттерде алдыңғы шепке шығатын, өз өмірін қатерге тігіп, өзгелерге араша түсетін төтенше жағдайлар қызметінің мамандары.

Осы салада жауапты қызмет атқарып жүрген жандардың бірі – Тұрғали Дәурен Қуанышберұлы 2004 жылы Қайнар университетінің «Юриспруденция» мамандығы бойынша тәмамдап, 2006 жылы әскер қатарына қабылданып, 2007 жылы азаматтық борышын өтеп қайтады.

2007 жылдан бастап Абай ауданының Төтенше жағдайлар бөліміне аға анықтаушы шені бойынша қызметке орналасады. Сол жылдан бері осы салада табанды еңбек етіп келеді.

Дәурен Қуанышберұлы да өз саласының білікті, жауапкершілігі мол маманы ретінде аудан көлеміндегі мекемелер мен нысандарда қауіпсіздік шараларының орындалуын бақылап,



Жібек АҚРАМ,
«Абай елі»

Жағымды жаңалық

АУДАНЫҚ АУРУХАНАНЫҢ ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аудандық орталық аурухананың жылу қазандығына облыстық бюджет есебінен жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталып, жылу жүйесі қайта іске қосылды.

Бүгін аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы тиісті сала басшыларымен бірге нысанда болып, жылу беру жұмыстарының жай-күйін тексерді.

Сонымен қатар, №1 жылу қазандығында болып, нысанның жұмыс барысын бақылады. Тексеру барысында жылу жүйесінің техникалық жағдайы, қазандықтардың жұмыс тиімділігін және қажетті отын қорының жеткіліктілігін назарға алды.

Әкім жылумен қамтамасыз етілетін мекемелер мен көпқабатты тұрғын үйлерде тұрақты және жеткілікті деңгейде жылу



берілуін қатаң бақылауды тапсырды. Сонымен қатар, тиісті сала басшыларына жылыту маусымы барысында ешқандай олқылыққа жол бермеуді, температуралық режимнің сақталуын және тиісті қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді міндеттеді.

«Абай елі» ақпараты

Мерейлі отбасы - 2025 ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ



Газетімізде бұдан бұрын хабарлағанымыздай, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының республикалық кезеңіне облыста топ жарған Сыдықовтар әулеті шыққан еді. Нәтижесінде жерлестеріміздің мерейі үстем болып, республикалық турдан да жүлдемен оралды.

Сыдықовтар әулеті «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының республикалық кезеңінде лауреат атанып, 1 миллион теңгеге ие болды. Жұлделі сертификатты ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева табыс етті.

Орайы келгенде айта кетейік,

отбасының үлкендері – парасат пен мейірім иелері, ал жастары – еңбекқорлық пен ізгілікті серік еткен саналы буын. Бұлай деуімізге отағасы мен отанасының бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған өмір жолы айқын дәлел.

Отағасы Оңғар ата – механизматор болып жұмыс жасаған. Қыстың суығына, жаздың ыстығына қарамай тынымсыз еңбек еткен қарапайым жан. Қазіргі уақытта немерешөберелердің ортасында бейнетінің зейнетін көруде.

60 жылдан астам уақыт бұрын қол ұстасып, қиындығы мен қызығы мол үлкен өмірге бірге қадам басқан Оңғар ата мен Тілеуғайша әженің бары да базары да – балалары. Өнегелі отбасы Алланың берген сегіз перзентін тәрбиелеп өсірген. Бүгінде олар – 16 немере мен 7 шөберенің ата-әжесі.

Сыдық отбасының әрбір мүшесі – елге тірек, қоғамға пайдалы, ата-анаға қуаныш сыйлап жүрген ардақты жандар. Осындай ұрпағы жалғасқан, еңбегі еленген әулет – жас буынға тағылым, баршаға мақтанаш.

Жібек АҚРАМ,
«Абай елі»

Жәрмеңке

САПАЛЫ ӨНІМ, ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА

Барлығымыз білетіндей әр демалыс сайын Семей шаһарында бірқатар ауылдық елді мекендер қала тұрғындарына еш қоспасыз ауылдың табиғи тағамдарын халыққа қолжетімді бағада ұсыну мақсатында көптеген жәрмеңкелер ұйымдастырылып келеді.

Осындай жақсы үрдіс өткен аптада жалғасын тауып «Северный» сауда логистикалық орталығында Абай ауданының ұйымдастыруымен ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Айтулы жәрмеңкеде 1 тонна сиыр еті, 1 тонна жылқы еті, 200 келі қой еті және сүт өнімдері төмен бағада саудаланды. Таңертеңнен жәрмеңкеге асыққан адамдардың қарасы қалың болды. Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілер ұсынған өнімдер тез арада өз тұтынушыларын тауып жатты.



Бағалар да тұрғындардың сұранысына сай болды.

Қала тұрғындары да қолжетімді бағаға, сапалы өнімдерді алып дән риза. Бұл – тек жәрмеңке емес, ауыл мен қаланың арасындағы алтын көпір.

«Абай елі» ақпараты



Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/11-VIII «Аумақтық және учаскелік комиссияларды сайлау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1 Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/11-VIII «Аумақтық және учаскелік комиссияларды сайлау туралы» шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

№ 166 учаскелік сайлау комиссиясының мүшелігіне Байтұсов Нуржан Мейізханович.

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық мәслихатының төрағасы

М.Нұрсұлтанұлы

Сайлау 2025

Абай ауданы бойынша Кеңгірбай би ауылдық округінің сайлаушылармен кездесуі

үшін берілетін үй-жайлардың тізбесі

№ р/с	Елді-мекен атауы	Кездесу өткізу орны
1	Кеңгірбай би ауылдық округі	«Кеңгірбай би ауылдық клуб үйі», Сүндетбай көшесі 22 А.

Абай ауданы бойынша Кеңгірбай би ауылдық округі бойынша үгіттік баспа

материалдарын орналастыру үшін орындар тізбесі

№ р/с	Елді-мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар
1	Кеңгірбай би ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанындағы қалқан, Сүндетбай көшесі 22 А. «Сәт» дүкені ғимаратының жанындағы қалқан, Абай көшесі 15/2.

АБАЙ ОБЛЫСЫ АБАЙ АУДАНЫ, КЕҢГІРБАЙ БИ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕСІНІҢ ШЕКАРАСЫ

№ 166 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орталығы: «Шәкерім атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. Кеңгірбай би ауылдық округі, Кеңгірбай би ауылы, Сүндетбай көшесі № 13.

Сайлау учаскесінің шекарасы:

Абай көшесі №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7А, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №14, №14А, №15А, №15Б, №16 үйлері;

Айпара көшесі №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11, №11А, №12, №14, №15, №16, №18, №20 үйлері;

Базаралы көшесі №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №9 үйлері;

Ербол көшесі №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №16 үйлері;

Зере көшесі №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11, №13, №15А үйлері;

Олжабай көшесі №1А, №1Б, №2, №3, №4, №5, №6, №6А, №7, №8, №9, №9А, №10, №11, №12, №13, №14, №16, №17, №18, №19, №20, №21, №22, №23, №24, №25, №27, №29, №31, №33, №35, №37, №39, №41, №43 үйлері;

Сүндетбаев көшесі №1, №2, №3, №3А, №3Б, №4, №5А, №5Б, №6, №7, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №14, №15А, №16, №17, №18, №19, №19А, №19Б, №19В, №20, №21, №22, №22А, №22Б, №22В, №23, №24, №25, №26, №27, №28А, №29, №30, №31, №32, №33, №34, №35, №36, №37, №38, №40, №42 үйлері.

Кеңгірбай би ауылдық округінің барлық қыстақтары мен шалғайдағы мал шаруашылық учаскелері.

Алғыс

«РИЗАҒА» ЕЛ РИЗА



Қоңыр күз қоңыраулатып, қабағын түйіп келді. Бірде жаңбыр, бірде қар, енді бірде өңбегіңнен өтетін қара суық.

Етек-жеңдерін енді-енді жинап бастаған Қарауыл халқы әбiрге түсті де қалды.

Көмір деп сабылған халықта есеп жоқ. Ат-арбаларын сайлағандар Қарауылдағы үш көмір болатын орындардың босағасын күзетіп, там-тұмдап көмір түсіріп жатса, көліктері жоқтар «жалдамалы» көліктердің соңынан жүгірді.

Тоннасы 19 мың теңгеден тұрған көмірдің бағасы бір күнде 20 мыңға көтеріліп кетті. Оған «жалдамалы» көліктердің 2000 теңгесін қосыңыз.

Міне, осындай қарбалас сәтте «Риза» қазыналық мемлекеттік кәсіпорынының басшысының міндетін атқарушы Біржан Қайыржанұлы көмек қолын созып, арнайы техника бөліп, халыққа қарсы жүрді. Кәсіпорында 1 көмір таситын, 1 көмір тиейтін трактор мен электронды өлшегіш (автовесы) қалыпты жұмыс істеп тұр.

Әрбір адамға 19 мың теңгеден 1 тонна көмір босатылады.

Халыққа қазір отын керек. Әрбір адамға 1 тоннадан босатып отырмыз. Өйткені, бәрі риза болуы тиіс. Кейіннен көбейтетін боламыз. Бағасы 19 мың теңге.

Көмірді тиеу, үйлеріне жеткізіп беру жұмысы сол бағаның ішінде,-деді Біржан Қайыржанұлын сөзге тартқанда.

Расында да, мекемеде тәртіп, жүйелі

жұмыс бар. Көмір өлшейтін жердегі кассаның маңайында у-шу жоқ.Кезек тосып тұрған адамдар, «Жалдамалы» көмір тасушыларға да жолатық. Еркін кіріп-шығады.

Кассадағы Жания Ошақбаева, тракторшылар Мейізбек Ахметжанов, Қайрат Сәкен, Мейрам Өртбаевтар өз жұмыстарын тиянақты атқарады.

Сағат 9-да басталған жұмыс қасқарая аяқталады. Сенбі күні түске дейін жұмыс істейді.

Иә, халыққа қызмет – мінсіз міндет. Халық «Ризаға» ризашылығын білдіріп, ақ алғыстарын айтуда.

Совет МАХМЕТОВ,

Қазақстан және КСРО журналистер одағының мүшесі,жазушы, Абай ауданының құрметті азаматы.

ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КҮНДЕРДІҢ БІРІ

25 - қазанда қазақстандықтар өз елінің тарихындағы ең маңызды күндердің бірі - Республика күнін атап өтеді.

1990 жылы дәл осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің №307-XII Қаулысымен Мемлекеттік Егемендік туралы Декларация қабылданды.

Декларацияда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды.

Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту - Егеменді мемлекеттің негізгі қағидаттары ретінде белгіленді. Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын қоздыратын жария-ұрандардың заң бойынша жазаланатыны ескертілді.

Республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні жарияланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы мереке күндері туралы" 1995 жылғы 18 қазандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі – «25 қазан - Республика күні» болып жарияланды.

Осы айтулы күнді атап өту біраз уақыт бұрын тоқтатылғанымен, 2022 жылдың 29 қыркүйегінен бастап Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді.

Сондай-ақ, Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылдағаннан бастап, Қазақстан Республикасы көптеген елдер сияқты әкімшілік реформаларды дамытудың жаңа кезеңіне өтті.

Бұл ретте, негізгі шаралар мемлекеттік басқару процестерін жетілдіруге, қызметтер көрсету сапасын жақсартуға, мемлекеттік аппарат қызметінің

нәтижелілігін, кәсібилік деңгейін арттыруға бағытталды.

Посткеңестік кезеңдегі қоғамдық өмірдің барлық аспектілерін қайта құру барысында мемлекеттік-басқару функциялары қайта бөлінді, мемлекеттік билік органдарының жаңа жүйесі мен құрылымы құрылды, әкімшілік басқарудың жаңа нысаны құрылды, ол кейінірек 1993 және 1995 жылдары қабылданған Қазақстан Конституцияларында және конституциялық ережелерді іске асыру үшін әзірленген өзге де заңнамалық актілерде заңнамалық тұрғыда рәсімделді.

Бастапқы кезеңде талантты, дарынды азаматтарды мемлекеттік қызметке іріктеу және тарту жүйесі болмаса да, осы бағыттағы мәселелерді шешу жолында, еліміздің басшылығы тарапынан мемлекеттік аппаратты білікті кадрлармен қажетті мөлшерде қамтамасыз ете алатын бірыңғай орталық орган құру туралы шешім қабылданды.

Алдыңғы қатарлы елдердің даму бағыты мен халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, негізгі мақсат – мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан кадр саясаты мен мемлекеттік қызметтің бірыңғай жүйесін қалыптастыру болды.

Осы және өзге де мақсаттарды іс жүзінде жүзеге асыру мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен жұмыс жүргізу принциптері мен ережелерін қатаң сақтаған жағдайда ғана мүмкін болды. Яғни, мемлекеттік қызмет басқару саласы ретінде қалыптасты.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай саясатты жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі құрылды.

Сондай-ақ, өткен жылдың шілде айында мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен мемлекеттік қызмет институтын дамыту және одан әрі жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың тұжырымдамасы» бекітілді,

бұл отандық шет елдерде мемлекеттік қызмет үлгілері мен табысты тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік қызмет институтын дамытуда түбегейлі жаңа тетіктерді енгізу арқылы, мемлекеттік басқару модельдерін қалыптастыру жолындағы мемлекеттік билік органдарының, ғылыми қызметкерлердің, тиісті мамандардың ұзақ мерзімді жұмысының нәтижесі болды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың тұжырымдамасын табысты іске асырудың нәтижесі – мемлекеттік әлеуметтік- экономикалық дамудың көптеген өзекті қажеттіліктеріне сәйкес келетін, нәтижеге және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуге бағдарланған кәсіби мемлекеттік қызмет болады.

Қорытындылай келе, 1990 жылғы 25 қазаннан кейін Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны қабылдаудан және одан әрі Тәуелсіздік алудан басталған Қазақстанның мемлекеттік қызметінің қалыптасуы демократиялық, құқықтық және азаматтық қоғамның эволюциясына қарай одан әрі жетілдіріліп, өзгеретінін атап өткім келеді.

Қазақстанның мемлекеттік қызметінің қалыптасуы - 1990 жылғы 25 қазанда Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылдағаннан бастау ала отырып, демократиялық, құқықтық және азаматтық қоғаммен бірге одан әрі жетілдіріліп, әрі қарай дами түсетін болады.

Ұлттық мереке құтты болсын, қымбатты отандастар!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы - Р.Ш. Шарипов



Абай аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі төмендегідей мемлекеттік қызмет көрсетеді

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап - тексеруден өткізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2020 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 18) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес өзінше және тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі - машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) иеленуші - меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару құқығында не өзге де заңды негізде машинаға иелік ететін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі - иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы));

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

3) тіркеу құжаты - машинаның жол қозғалысына қатысуға және пайдалануға жіберілгенін растайтын, машинаға арналған ресми құжат болып табылатын техникалық паспорт;

4) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі - оператор) - "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, өзіне бекітіліп берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген заңды тұлға;

5) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнын өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы.

3. Осы Қағидалардың 19-тармағында айқындалған машиналарды қоспағанда иеленушілерге (көрсетілетін қызметті алушыларға) тиесілі және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органында (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші)) мемлекеттік (уақытша) тіркеуде тұрған машиналар жылына бір рет мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өтуі тиіс.

4. Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру олардың техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, тиесілілігін және басқа да тіркеу деректерінің тиесілілігін нақтылау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы қағидаларын өрескел бұзушылықтарды (техниканың аталған түріне шығарушы зауыттың берген реттеуші құжаттамаларымен) және ақаулықтарды ескерту мақсатында жүргізіледі.

5. Осы Қағидалардың мақсаттарын жүзеге асыру үшін тіркеу пункттері ретінде жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) түсініледі.

2-тарау. Машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу тәртібі

6. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуді жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

7. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру үшін жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын ескере отырып, машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу кестесін (бұдан әрі - кесте) жасайды, онда машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізетін орны, күні және уақыты туралы мәліметтер қамтылады.

Кестені жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін

қызметті берушінің) ауыл шаруашылығы саласындағы функцияны жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

8. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей мерзімді баспа басылымдарында жариялау жолымен иеленушілерді (көрсетілетін қызметті алушыларды) машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізуге ұсыну мерзімдері, шарттары мен тәртібі туралы хабардар етеді.

9. Көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүзеге асыратын машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру осындай жұмыстар басталар алдында машиналардың тікелей орналасқан жері бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

10. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу үшін иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қағаз түрінде не "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және ұсынылуын, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген.

1. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсе маманы құжаттарды келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде тіркеуді жүзеге асырады және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына жолдайды, ол жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты инженер-инспекторын тағайындайды.

Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері құжаттар келіп түскен жағдайда, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес құжаттарды тіркеу және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

12. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты инженер-инспекторы құжаттарды келіп түскен күні "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ) тіркейді, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ пайдалана отырып, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда "Е-лицензиялау" МДБ АЖ пайдалана отырып өткізу күнін, орны мен уақытын көрсете отырып, жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруді өткізуге дайын екендігі туралы хабарлама дайындайды.

13. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ арқылы жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуге дайын екендігі туралы хабарламаға немесе уәжді бас тартуға қол қояды.

Жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруді өткізуге дайын екендігі туралы хабарлама немесе уәжді бас тарту портал арқылы электрондық құжат түрінде иеленушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жіберіледі немесе басып шығарылып, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторының қолымен, тіркеу пунктінің мөртаңбасымен куәландырылады және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

14. Машиналарды техникалық қарап-тексеру машина иеленушінің (көрсетілетін қызметті алушының) не оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

15. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізген кезде:

1) машиналардың кімге тиесілі екенін нақтылайды, типінің, моделінің, шығарылған жылының, машинаның, шассидің, қозғалтқыштың, рамасының, зауыттық нөмірінің және нөмірлік белгісінің тіркеу құжатында жазылған деректерге сәйкестігін тексереді;

2) машиналардың техникалық жай-күйінің машиналарды техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптармен реттелетін нормативтік техникалық құжаттарға сәйкестігін тексереді.

16. Агрегаттар мен механизмдер ажыратылмай,

диагностикалық аспаптар мен бақылау құралдарын пайдалана отырып тексеріледі. Тіркемелердің техникалық жай-күйі тракторлық поезддың құрамында (тарту-ілу құрылғысы мен тежегішті бұғаттағыштың ақаусыздығын бақылау үшін) тексеріледі.

17. Машиналарды техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптармен реттелетін нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өтпеген болып саналады.

18. Шығарылғанына 5 (бес) жылға дейінгі жаңа машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу тіркеу пункттерінде тіркелгеннен кейін алғашқы 5 (бес) жыл ішінде бір рет олардың техникалық жай-күйі тексерілмей жүргізіледі.

19. Техникалық қарап-тексеруден өткен машиналарға тіркеу құжатына (техникалық паспортына) "Ақаусыз" деген жазу жазылады, ал техникалық қарап-тексеруден өтпеген машиналарға "Ақауы бар" деген жазу жазылады, ол жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің мөртабанымен расталады.

20. Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа өңірлерге 2 (екі) және одан да көп айдан астам мерзімге шыққан машиналар олардың уақытша болған жерінде техникалық қарап-тексеруден өткізуге ұсынылады.

21. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткен жеке тұлғалардың машиналары туралы мәліметтерді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды техникалық қарап-тексеру журналына енгізеді.

22. Заңды тұлғалардың машиналарын мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу актісін ресімдейді. Машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу актісі екі данада жасалады, оның біреуі заңды тұлғаның өкіліне беріледі, ал екіншісі тіркеу пунктінде қалады.

23. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабы 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

24. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) техникалық ақаулық анықталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл туралы операторды хабардар етеді.

Туындаған ақаулықты жою жұмыстары жүргізілгеннен кейін оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) қол қояды.

3-тарау. Шағымдану тәртібі

25. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

26. Иеленушінің (көрсетілетін қызметті алушының) шағымын Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес мыналар қарауы тиіс: жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші), уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

27. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге бара отырып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарауға өкілеттік берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген иеленушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жаз-баша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

28. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Заңның 4-бабы 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.



Аудандық семинар

КӨШБАСШЫЛЫҚ, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



Жақында 16 қазан күні Абай ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған «Көшбасшылық, инновация және іс-әрекеттегі жасанды интеллект» тақырыбында аудандық семинар өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, цифрлық шешімдер мен жасанды интеллектті тиімді пайдалануға бағыттау, сонымен қатар білім беру ұйымдарында көшбасшылар мен білім алушыларға арналған қолайлы орта қалыптастыру болып табылады. Мұндай орта оқу үдерісіндегі мотивацияны, әл-ауқатты және академиялық нәтижелерді арттыруға ықпал етеді.

Семинар барысында тыңдаушылар жасанды интеллект арқылы оқытуды дараландырудың мүмкіндіктерін, инклюзивті педагогикалық тәжірибелер мен үздіксіз жетілдіруге бағытталған рефлексивті тәсілдерді зерделеді.

Семинар фасилитаторлары: Абай ауданы білім бөлімінің басшысы Скакова Бакизат Нұрмұхаметқызы, Абай ауданы бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Аухадиева Айгүл Сейтқазықызы, Абай ауданы білім бөлімінің цифрландыру жөніндегі әдіскері Касенова Эльмира Рустамқызы. Бағдарлама аясында қатысушылар

өз тәжірибелерімен бөлісіп, заманауи білім беру үрдісіне енгізіліп жатқан жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану бойынша ой-пікір алмасты.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Скакова Бакизат Нұрмұхаметқызы семинардың бастамашысы ретінде сөз сөйлеп, Назарбаев университетінің өткізген 8 айлық білім жетілдіру курстың қорытындысын ұсынды. Яғни, Б.Нұрмұхаметқызы шетелдік модульде жинаған тәжірибесімен бөлісті. Сонымен бірге өз баяндамасында Қазақстандағы орта білім бер жүйесіндегі соңғы өзгерістерге тоқталды. Оның айтуынша, 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заң мұғалім кәсібінің беделін арттыруға үлкен серпін берді. Бакизат

Заманауи көшбасшының бейнесі, цифрлық мәдениет және жасанды интеллекттің білім сапасын арттырудағы рөлі туралы өз тәжірибесімен бөлісті.

Іс-шара барысында жас ұстаздар өз сабақтарында ЖИ құралдарын тиімді қолдану тәжірибесін көрсетті. Семинарға спикер ретінде қатысқан педагогтардың шығармашылық ізденісі мен кәсіби дайындығы ерекше көрініс тапты.

Семинарға қатысқан көшбасшылар мен шақырылған ардагер ұстаздар пікір білдіріп, ауданның барлық педагогтарына осы тақырыпта семинар ұйымдастыру бойынша ұсыныс білдірді. Баяндамашылар Бекбосынов атындағы орта мектептің биология пәні мұғалімі Нығыметжанова Гүлжан «Жаратылыстану сабақтарында оқушы ойлауын дамытуға бағытталған жасанды интеллект әдістері», Мамай атындағы негізгі орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Мақсатқызы Гүлім, «Мұғалім еңбегін оңтайландырудағы жасанды интеллекттің мүмкіндіктері» тақырыбында, М.Әуезов атындағы орта мектептің мұғалімдері Күпанова Марзия Ерболқызы, Спатай Меруерт Әсетқызы, Қарауыл гимназиясының директоры, математика пәні мұғалімі

Марғұлан Бауыржанұлы «Математика пәнін жасанды интеллект арқылы оқыту», Жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Байтұсова Айдана «Қазақ әдебиеті сабағында жасанды интеллект қолдану», Жалпы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Ермекова Айтқолқын Ермеқызы «Жасанды интеллект: бастауыш сынып оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту» тақырыбында «Кедергісіз білім: химия сабағында тең мүмкіндіктер» жасау» тақырыбында Шәкәрім атындағы орта мектептің химия пәні мұғалімі Ақшекина Аружан өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

Қорыта айтқанда, бұл семинар ұстаздарға өз тәжірибесін байытып, білім беру процесін жаңаша пайымдауға мүмкіндік берді. Көшбасшылық пен инновация - сапалы білімнің басты көпірі. Жасанды интеллект-мұғалімнің қарсыласы емес, серігі. Ал, үздіксіз даму-ұстаздық миссияның өзегі.

Іс-шара қорытындысында қатысушыларға арнайы сертификаттар табыс етілді.

Семинар ауданымыздың педагогикалық қауымдастықтың кәсіби дамуына серпін беретініне сенімдіміз.

Анар СӘРСЕНБИНА,
«Abai eli» газетінің жауапты хатшысы,
журналист

Республикалық «Ұлылар елінің ұрпақтары»
журналының директор-Бас редакторы

Мереке қарсаңында

КІТАПХАНАШЫ - РУХ ШАМЫ



24 қазан – қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, қоғам мен мемлекетіміздің дамып өркендеуін насихаттап, ел игілігіне жаратып жүруді мақсат ететін мамандық иелері – кітапханашылардың кәсіби мерекесі. Оқырманға кітап жайлы бағыт-бағдар беріп, қызмет атқаратын кітапханашылар қашанда құрметке лайықты. Редакциямызбен тығыз байланыс орнатып, әріптестік қарым-қатынасты жандандырып отырған бұл мамандық иелеріне деген біздің құрмет ерекше. Осы орайда газетіміздің бір бұрышын кітапханашының қалтқысыз қызметі мен ерен еңбегін жұртшылық назарына ұсынуды жөн көрдік.

Олаудандық М.Әуезов атындағы орталықтандырылған кітапханада көп жылдық еңбегі бар кітапханашы - Ғабдуллина Шолпан Қабдырахманқызы.

1962 жылы 6 қазанда Қайнар ауылында дүниеге келді. 1978 жылы мектепті тәмәмдаған соң, өз арманымен Алматыдағы ЖЕНПИ-дің кітапханашы бөліміне оқуға түсіп, 1983 жылы "Кітапхана ісі" бөлімін жақсы аяқтап, Өскемен қаласындағы 13-ші кітапханада жоғарғы білімді маман ретінде аға кітапханашы болып еңбек жолын бастайды.

Шолпан апайдың айтуынша, әкесі Ғабдуллин Қабдырахман қазақ тілі, әдебиет мұғалімі болған, балаларының кітап оқуына көп көңіл бөлген екен. Үйде екі шкаф толы кітап болды, сондықтан болар бала кезінен кітапқа құмарлығым ерекше артты - дейді

кейіпкеріміз.

Шолпан Қабдырахманқызы 1986 жылы өмірлік серігі Токтар ағамен тұрмыс құрып, мамандығы бойынша жұмыс табылмағандықтан, уақытша мектепте аға пионер вожатый болып, 10 жыл абыройлы жұмыс атқарған.

1996 жылдан бері ауылдық кітапханаға орналасып, 30 жыл бір орында тапжылмай кітапханашы болып жұмыс істеп келеді. Шолпан апай бір сәт өткен жылдарға көз жүгіртіп, совхоз тарап, мекемелер жабылып, кітапханаға орын болмай қалғанда қаппен, шана-арбамен кітаптарын төрт орынға көшірген екен. Кітапқа құрметпен қарап, бірде-бір кітапты шашау шығармай ие болыпты. Соның арқасында бүгінде аудандық кітапханада кітап қоры мол дегуе болады.

Бұл айтулы мереке – кітапханашылар еңбегіне деген құрмет пен ілтипаттың, рухани сала мамандарына деген шынайы ризашылықтың көрінісі. Өйткені кітапханашы – ұлттың рухани жадын сақтаушы, ел мәдениетінің биігін көтеруші тұлға. Олар – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір, заман ағымындағы жаңа ақпарат пен ұлттың мәңгілік құндылықтарын ұштастыра білетін жандар. Бүгінгі кітапханашы тек кітап таратушы емес, ол – қоғамды оқуға, ізденіске, ойлануға жетелейтін рухани көшбасшы.

Аудандық кітапханашылар да осы миссияны абыроймен атқарып келеді. Олар ауылдық жерлерде мәдениет ошағын жандандырып, балалар мен жастардың білімге деген құштарлығын оятып, үлкен буынның рухани серігіне айналды. Цифрландыру дәуірінде де кітапханашылар заманауи технологияны меңгеріп, жасанды интеллект жүйесін пайдалану арқылы кітапхана жұмысын жаңа деңгейге көтеріп отыр. Бұл – кәсібіне адалдықтың, уақытпен үндесе білудің айқын дәлелі.

Иә, уақыт өзгереді, қоғам алға жылжиды, бірақ кітап пен руханиятқа деген құрмет ешқашан ескірмейді. Кітапханашылар – сол рухани діңгектің иесі, ұлт болашағының бағдаршамы. Олардың еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ ел жадында сақталатын мәңгілік еңбек. Сол себепті бұл мереке — білім мен мәдениеттің шамшырағын сөндірмей, ұлт рухын сақтап жүрген кітапханашылар қауымы

Жібек АҚРАМ,
«Abai eli»

КІТАПХАНАШЫЛАР ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН ШЫҢДАДЫ



М. Әуезов атындағы орталық кітапханада 24 қазан Кітапханашылар күніне орай, аудандық көлемде Кітапханашылар арасында «QUIZ» зияткерлік сайысы өтті. Мақсат – сала мамандарының ақыл-ой қабілетін арттыру, тәжірибесін толықтыру, шығармашылығын шыңдау. Рухани орда қызметкерлері қызықты да мазмұнды сайысқа белсене қатысып, білім-білігін байқатты.

Қызыққа толы интеллектуалдық ойында кітапханашылар кітаптар сөйлейді, кітапхана әлеміне саяхат, құпия мұқаба, Абай жолымен саяхат, кітапханашылар ақпарат кілті сынды бес кезең бойынша бақтарын сынады.

Сайысқа барлық 9 ауылдық округтің кітапханашылары мен аудандық 6 кітапханашы қатысып, өздерінің білімін, тәжірибелерін, ой-өрістерін көрсетті. Бұл сайыс тек білімнің емес тапқырлықтың, бірліктің және рухани байлықтың тойына айналды деп сеніммен айта аламыз. Тартысты ойын барысында барлық командалар ойынға белсене қатысып, жеңістен дәмелі екенін көрсетті. Сайысқа 5 команда қатысып, біліктілігі мен білімі қатар шапқан кітапхана мамандарының арасынан тез әрі нақты жауап берген «Білім» командасына бұйырса, екінші орынға ұпай санымен жайғасқан «Ақыл» командасына тиді, ал үшінші орынды «Кітап» командасы еншіледі.

Қос команда «Оқырман», «Зерде» командалары ынталандыру сыйлықтары мен марапаттарға ие болды.

Бұл сайысты бастан аяқ ұйымдастырып, жүргізген кітапхана қызметкерлері Ш. Рахымжанова, Г. Исакова, М. Закариянов.

Осындай іс шаралар жалғасын таба берсін демекпіз. Бұл-білім мен тапқырлықтың, командалық рух пен шығармашылықтың мерекесі! Ойынға қатысушы мамандар сайыстан алған әсерлерімен бөлісіп, тарқасты.

М. Әуезов атындағы орталық кітапхана қызметкері Ш. Рахымжанова.



ҰЛАҒАТ ПЕН ПАРАСАТТЫҢ ҚОС БӘЙТЕРЕГІ



Жұманов Тоқтар
Жұмағалиұлы



Жұмағұлова Жамал
Досымбекқызы

Өмір өзенінің арнасын кеңейтетін де, ағысын тереңдететін де – еңбек пен мейірім. Екеуі тоғысқанда, ұрпаққа өнеге, елге аманат қалдырады. Сол қасиетті сабақтың иелері – қаржы саласында мінсіз қызмет еткен Тоқтар Жұмағалиұлы мен мейірімін тұтас әулетке төккен, алтын құрсақты батыр ана Жамал Досымбекқызы.

Бірі – адалдықтың айнасы. Тоқтар Жұмағалиұлы совхоздың бүкіл есебін жүрепке жүргізіп, әділдікті ту етті. Қағазға түскен әр сан – тек есеп емес, елдің несібесі, халықтың ырысы болды. Оның қолтаңбасы – таза қағаз бен ұқыпты есеп, қана емес, ел сенімінің кепілі еді.

Екінші – мейірімінің шуағы Жамал анамыз он екі боланы дүниеге әкеп, барлығын тәрбиелеп өсірген алтын құрсақты ана болды. Таңның атысынан кештің батысына дейін мал шаруашылығында еңбек етіп, кейін ұлы Абайдың қасиетті мұрасын қастерлеген музейде еңбек етті. Анамыздың төзімділігі мен табандылығы, қонақжайлылығы мен кеңпейілдігі – ұрпақтарының мәңгі жүрегіне жазылған өнеге.

Өнегелі өмірі адал еңбекпен өрленген қос тұлға жайлы таратып жазғанды жөн көрдік. Әкеміз Тоқтар Жұмағалиұлы өмірінің ауыр да, қадірлі жолын абыроймен өткерген, ұл – қыздарына адалдық пен еңбектің үлгісін көрсеткен асыл жан. Отбасында асыл жар, асқар тау әке бола білген Тоқтар Жұмағалиұлының ізін жалғап, түтінін түзу шығуына себеп болған, шаңырағының ішіне шаттық, береке, бақыт гүлімен көмкерген Әр үйдің берекесі әріне АНА қазаны оттан түспеген, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген артында қалған ұрпақтары немере – шөберелерінің көңілдерінен жақсы қасиетімен орын алған, асыл әке ардақты ана Жамал Досымбекқызы. Ана мейірімінен шаңырақ жылуы тарап, олардың төзімінен бүтін ауылдың тіршілігі өркендеді. Ана ішінде ерекше жаратылғандары бар – ұрпағын көбейтіп, ұлтын өсірген алтын құрсақты, еңбегімен еліне сүйікті болған батыр ана. Қазақ сайын даласы әр дәуірде асыл аналарды дүниеге әкелді. Ана елдің ұйтқысы, шаңырақтың берекесі, ұрпақтың темірқазығы болды. Жамал анамыз 1932 жылдың 5 желтоқсанында Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген еді. Жамал анамыз ата-анасы Досымбек пен Сәнияның бауырындағы тұңғыштары. Көзін еңбекпен ашып, балалықтың уақыты соғыстың қиын кезеңімен тұспа-тұс келген еді. Соған мойымаған өжет қыз жастайынан еңбекқорлықты бойына сіңіріп, әр істі ықыласпен атқарды. Алғырлығы мен пысықтығы ауылға да үлгі болды. Жастық жігерін еңбекке, өмірге, ұрпақ тәрбиесіне арнады.

1949 жылы ауылдың еңбекқор азаматы, кейін совхоздың есеп – қисабын ұстап, Абай музейінде еңбек еткен әкеміз Тоқтармен шаңырақ көтерді.

Екеуінің өмірі сыйластық пен еңбектің, махаббат пен парасаттың ғұмырнамасына айналды. Бұл шаңырақтан 12 перзент өмірге келді. Анамыз Жамал солардың әрқайсысына ана мейірімін төгіп, тәрбиелеп өсірді. Қатарынан оздырмаса да, заманның қиындығында ешқайсысын аш – жалаңаш етпей, ең бастысы – адалдық пен адамдықты бойларына дарытты.

«Алтын құрсақты ана» деген атағы – өмірдің өзі берген ең үлкен марапат. Жамал анамыздың еңбек жолы да өзіне тән өрнекке толы. Жастық шағында мал шаруашылығында сауыншы болып ұзақ жылдар мандай терін төкті. Таңның атысы мен кештің батысында сиыр сауып, өз қонақ жәйлігімен ақ дастарха-

нын жәйіп адал асын ұсынды. Бұл – нағыз төзімділіктің, еңбекке берілгендіктің белгісі. Жамал анамыз тек еңбекқор ғана емес, ауылдың қадірлі қариясы, сыйлы анасы болды. Қонақжайлылығы, көпшілдігі, бауырмал мінезі елдің ілтипатына бөледі. Балаларына берген тәлімі – ұрпаққа мәңгі өнеге. Анамыздың бейнесі «алтын құрсақты ана» деген ұғымның шынайы көрінісі еді. 1977 жылы шыққан Республикалық «Қазақстан әйелдері» журналы оның еңбегін, анық мейірімін жоғары бағалап, мұқабасына фотасын шығарып, еңбегі жәйлі жазды. Бұл – бүкіл ауылға ортақ қуаныш, елге үлгі болған оқиға болатын.

Абай елінде дүниеге келіп, бар өмірін адал еңбекке, ұрпақ өсіруге арнаған ардақты жан алтын құрсақты батыр ана. Жамал анамыздың аналық жүрегі мейірімнің теңізі іспетті еді. Қанша бала тәрбиелеп, қанша немере – шөберенің қызығыны күй болса да ешбіріне



үлгісі – мәңгілік сабақ. Екеуінің тағдыр жолы – бір бірін толықтырған қос арна. Анамыз Жамалдың айтуынша, Әкеміз Тоқтарды бір атадан жалғыз деп айтушы еді бүгінде өсіп - өнген үлкен әулет. Бір тамырдан тараған бәйтерек бүгінде жайқалған баққа айналды. Жалғыздан шыққан әкеміз Тоқтар мен Жамал анамыздың әулеттің шуағы күміс, алтын тойлары – сыйластықтың белгісі, ұрпағына үлгі, жүректерге нұр шашқан тағылымды өмір жазбасы.



деген ықыласы кеміген жоқ. Балаға құшағы ашық, немереге жүрегі жылы, туысқа бауырмал болды. Оның мейіріміне бөленген әр ұрпақ өз бойына ізгілік пен ілтипатты сіңірді. Ауыл баласы үшін де оның жүзі шуақ, сөзі – медеу болатын. Қарапайымдылық, қонақжайлық, көпшілдік – Жамал анамыздың басты қасиеттері болды. Анамыздың шаңырағына бас сұққан жан төрден орын алып, дастарханынан дәм татпай кеткен жоқ. Көршінің қуанышы мен қайғысына ортақтасып, айналасына ізгіліктің шуағын ашып жүрді. Балаларына берген тәрбиесі – шынайы мектеп, елге көрсеткен



Олар ел ішінде қарапайым еңбекқор ғана емес, парасатты асқақ тұлғаға айналды. Бүгінде олардың ғұмыры – өткеннің тарихы ғана емес, бүгінгі күннің бағдары. Қазіргі таңда 12 балалдан тараған 38 немере 53 шөбере – жиендер бағаналы әулеттің ұрпағы. Осындай берекелі әулеттің ізі жалғаса берсін, өмір жолдары өнегеге толы, арттарында қалған ұрпақ – ең үлкен мақтаныштары.

Ізгі тілекпен, еске алушылар.
Жұмановтар әулетінің
ұрпақтары.



Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,

мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынағы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларына 2-қосымша

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынағы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жеке және заңды тұлғалардың (көрсетілетін қызметті алушы) өтінімі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады. Өтініш тіркелген сәттен бастап машинаның тікелей тұрған жері бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде. Машинаны тіркеу пунктіне әкелген кезде өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:	Тіркеу құжатына (техникалық паспортқа) инженер-инспектордың қолымен және көрсетілетін қызметті берушінің мөртабанымен расталған «Ақауы бар» не «Ақаусыз» деген жазба енгізу
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Тегін
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	
7.	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру - сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдынала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады; 2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:	көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) нысан бойынша өтініш; 2) тіркеу тіркеу құжаты. портал арқылы жүгінген кезде: 1) электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) тіркеу құжатының электрондық көшірмесі. Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушы аралық қажетті құжаттарды: көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде - қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіне қойылған белгі растайды; портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.
9.	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары 8 (7172) 701 998, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777. Үшінші тұлғалардың қызметті алу шарттары: Порталдағы «жеке кабинеттен» ұсынылған мәліметтер сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталдағы хабарламаға жауап ретінде бір реттік парольді беру жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	

Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Н.Танаубаев



Абай ауданының басты бағыты ауылшаруашылығы оның ішінде мал шаруашылығы болғандықтан аудан тұрғындары өздерінің меншігіндегі малдарының өнімін тұтыну, сату арқылы отбасының тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік алады. Ал осы малдарының өз меншігіне тиесілі екендігін дәлелдеудің бірден-бір құралы, ол – бірдейлендіру, яғни сырғалау, таңбалау және чиптеу болып табылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дегеніміз – дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспорт бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу рәсімі. Жануарларға жүргізілетін ветеринариялық алдын алу, диагностикалау шараларының барлығы бірдейлендіруге тікелей байланысты. Жануарларға егілген вакцина, жұқпалы ауруларға қарсы жүргізілген зерттеулердің қорытындылары ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру (ИСЖ) дерекқорына енгізіліп отырады.

Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 25 бабында жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері көрсетілген. Атап айтқанда:

- жануарлар ауруларының алдын алуды және тасы-

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛДЫ БІРДЕЙЛЕНДІРУ

малданатын объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыру;

- аумақты, мал шаруашылығы қора-жайларын ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу;

- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

- жергілікті ветеринар мамандарына жаңадан сатып алынған жануарлар, алынған төл, малдардың сойылғаны мен сатылғандығы туралы, жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлау және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдану;

- ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға тасымалданатын объектілерді ветеринариялық тексеру үшін кедергісіз беру;

- мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындау;

- базарларда сатуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында союды жүзеге асыру;

- ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсету.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының төлі төмендегі жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей бірдейлендіріледі:

бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

құлындар – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау

кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

тақ тұяқты жануарлардың төлі (есектер, қашырлар, пони, зебра, құлан және басқа жануарлар) – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

Мал құлағындағы сырға бүлінген немесе жоғалған жағдайда жануар иесі жергілікті мал дәрігеріне жазбаша өтініш береді. Ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін белгілеу ауыл шаруашылығы жануарларының иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын қайта бірдейлендіру жануар иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімде ауыл шаруашылығы жануарына жаңа жеке нөмір бере отырып жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарына жаңа жеке нөмір беру кезінде дерекқорда және ветеринариялық паспортта ауыл шаруашылығы жануарын қайта бірдейлендіру себептерін көрсете отырып және ауыл шаруашылығы жануарының алдыңғы жеке нөміріне байланыстыра отырып, тиісті ақпарат (қайта бірдейлендірілді) көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын белгіленген орындардан (мал базарларынан) сатып алу керек. Сатып алынған малдың құжатын (вет.паспорт) мал иесінен талап етуге құқыңыз бар. Базардан тыс жерден (көрші, таңыс т.б) сатып алынған малдың құжатын (вет.паспорт) талап етіп, осы құжат арқылы мал алушы алынған малды өз атына тіркеуге міндетті.

Кейбір аудан тұрғындары полиция қызметкерлері тоқтатып тексерген уақытта, тасымалдап бара жатқан мал және мал өнімдерінің ветеринариялық құжаттары болмай, айыппұлдар алуда. Сол себепті малдарды және олардың өнімдерін ауыл мен қыстақ арасында, ауыл ішінде немесе ауданнан тысқары тасымалдау кезінде ілеспе құжаттарын (ветеринариялық анықтама және малдың ветеринариялық паспорты) міндетті түрде бірге алып жүру қажет екендігін естеріңізге саламыз.

Абай аудандық аумақтық инспекциясы.



● Еске алу

Сайлау 2025

ПЕРІШТЕДЕЙ, КИМАС БАҒЫРЫМ АЙ...



Ерлан Серіктайұлы Абай ауданы, Қарауыл ауылында 1992 жылы шілде айының 9 күні дүниеге келген. Ерлан орта мектепті аяқтаған соң, «Абай колледжінде» Трактор мамандығын жақсы аяқтап шығып, «Атамекен» тойханасы мен «Жастар» үйінде ән айтып, алғыс хаттарға ие болып жүрді.

Қыстақты жанына жақын тарттыма мал бағып, адал еңбегін тауып жүрген еді. Кішкентай кезінен малға, итке, көгершінге құмар жан еді.

Сұм ажал Наурыз айының 22 күні, 32 жасында мені бауырымнан айырды. Сол күні таң ата соңғы рет қайдасың деп хат жазып, мәңгілік мекеніне аттанып кетті. Жүрегім әлі күнге дейін сыздайды.

Біз төрт ағайынды едік. Екі қыз, екі ұл. Апайым тұрмыста, өзіннен кейінгі бауырым үйленген. Ерлан екеуіміз отбасын енді құрамыз деп жүрген едік. Көңеміз Ерланымның мінезі ақжарқын, қолындағы барын пендеден аямайтын, қарапайым азамат еді.

Жеті ай көзді ашып- жұмғанша өте шықты. Өзіңді ойламай, көзіме жас алмаған күнім болған емес. Сондай ауыр...

Марқұм әкем Серіктай Сағиұлының жоқтығына көне алмай жүргенімде, жүрегімнің бір бөлшегі, бауыр етім бауырымнан айырылу оңай болмады.

Үлкендердің ажалы келді, Алланың ісі, тағдырдың жазуы деп жұбатуына көнбеске амал барма?!

Ерлан қыстақтан келіп, үйдің табалдырығын аттамай тұрып ақ, «Көк көз» қайда деп сұрайтын Анамнан. Мен бөлмемнен шығып, сағындыңба деп қалжыңдап жауап қатушы едім. Енді міне мәңгілік сағынышыма айналдың. Өзіңді ешқашан көрмейтінімді ойласам жүрегім ауырады.

Жылатып кеткенің не?!

Уақыт өтіп жатыр, бірақ соңғы рет кетіп бара жатқан бейнең есімде мәңгілікке қалды. Ерланым сенің менімен қалжыңдасып, қыстаққа кетіп барамын «Көк көз» деген күлімсіреген бейнең мен дауысыңды қатты сағындым. Өмірден өтпес бұрын мамаға қарашы деп қайта-қайта қайталап айта берген едің, мәңгілік мекеніңе кетеріңді сездіңбе екен?!

Анашым үйде баласы үшін дұға етіп, ұлым үйленіп, қолымды жылы суға салатын, көркем мінезді келінім болса, немере сүйсем деп армандап, тілеуін тілеп отырған Ананың ұлынан қапыда айырылып қалуы жүрегіме қатты батты.

Бізге көрсетпегенімен тоғыз ай құрсағында көтерген баласынан айырылуы қай Анаға болмасын ауыр екені сөзсіз.

Соңғы рет «Кондитер» оқып ал, ақшалай көмек берейін деп, қолыма Сертификат алуыма себепкер болды. Мен жұмысқа кірсем саған көмек беремін деп сөз берген едім, Алла жазбады. Еріксіз көзіме жас келеді.

Менде бауырым үйленіп, бақытты болса деп армандап едім. Амал қанша?! Басыңа барып, құран бағыштауды жазған екен.

Өмір жасың неге қысқа болды екен?! Енді маған кім «Көк көз» деп айтады Ерланым...

Айтарым мен жазарым көп өттең...

Тәтті өмірдің көп қызығын көре алмай,
Жарда сүйіп, балалы да бола алмай.
Аққан жұлдыз сияқтанып аспаннан,
Қас қағымда ағып түстің ой, Аллаи!

Зар еңіреп Анам қалды артыңда,
Аға, апайың көздің жасын тауысуда.
Сені жоқтап аңыраған дауысымыз,
Табан асты сіңіп жатыр тау-шыңға.

Қош бауырым, қорғанышым, қош енді,
Алла енді аман қылсын Анамды.
Періштедей кең пейілді бауырым,
Енді саған жұмақ төрі төсеулі.

Сағынып еске алушы: апайың Сағиева Жаңыл Серіктайқызы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Меридик» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 02.12.2025 жылы сағат 14:00 Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылдық округі, Архат ауылы, 3.Белибаев көшесі, 2-үй мекен-жайы бойынша «Абай ауданындағы М-44-112-(10в-56-19,20,24,25) блоктарындағы Жосалы учаскесі құрамында каолин бар сазды барлаудың 2026-2031 жылдарға арналған жоспары» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары: N48°57'00 E79°58'00.
Әсер ету аумағының географиялық координаттары: N48°57'00 E79°58'00
Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/>, Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай - күйі туралы Ұлттық деректер банкі (ҰДБ) сайтында, сондай-ақ жергілікті атқарушы орган (ЖАО) сайтында қолжетімді.

Ескертулер/ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ҰБД сайтында, сондай-ақ ЖАО «Абай облысы» табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, urigrp.abay@akimatabai.gov.kz тел. 87222 35-44-22 адресі бойынша қабылданады.

Онлайн қосылуға арналған деректер:
<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVk15VHhEbz09>

Конференция идентификаторы: 344 284 5942. Қосылу коды: 5Z6MdR.
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Меридик» БИН 200940009720 ЖШС, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Спасская көшесі, № 68а ғимарат, e-mail: meridik@inbox.ru, тел. +7(776)-274-50-50.

Жобалаушы: «Нур-ЭкоПроект» ЖШС. ҚР, Семей қ., Б.Момышұлы к-сі 19 «а». Тел.: 8 (701) 607-85-56. Эл.мекен-жайы: anuar.t84@gmail.com.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Меридик», в соответствии с требованиями статьи 96 ЭК РК, 02.12.2025 года в 14:00 ч. по адресу область Абай, Абайский район Архатский сельский округ, село Архат, ул. 3.Белибаева 2 состоится общественные слушания в форме открытого собрания по «Плану разведки Каолиносодержащих глин на участке «Жосалы» по блокам М-44-112-(10в-56-19,20,24,25) в области АБАЙ на 2026-2031 гг.»

Географические координаты участка: N48°57'00 E79°58'00.
Географические координаты территории воздействия: N48°57'00 E79°58'00
Проектная документация доступна на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД) <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте местного исполнительного органа (МИО).

Замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 раб.дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» urigrp.abay@akimatabai.gov.kz тел. 87222 35-44-22.

Данные для онлайн подключения:
<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVk15VHhEbz09>

Идентификатор конференции: 344 284 5942

Код доступа: 5Z6MdR

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Меридик», БИН 200940009720, город Алматы, Туркисбийский район, улица Спасская, здание №68а, e-mail: meridik@inbox.ru, тел. +7(776)-274-50-50.

Проектировщик - ТОО «Нур-ЭкоПроект». Юр.адрес: РК, ВКО, г. Семей, ул. Б. Момышұлы, 19 «а». Тел.: 8 (701) 607-85-56. Эл.адрес: anuar.t84@gmail.com

Абай ауданының Кеңгірбай би ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22-бабына, 14 бабының 6 тармақшасына, 21 бабының 4 тармағына сәйкес, Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданының Кеңгірбай би ауылдық округінің сайлауы бойынша сайлау округтері құрылсын:

1) Кеңгірбай би ауылдық округінің әкімінің – Кеңгірбай би ауылдық округінің шекарасындағы Кеңгірбай би сайлау округі.

2. Сайлау округінің тізімі, оның шекарасы және Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, «Абай елі» аудандық газетінде және Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында жариялансын.

Сайлау комиссиясының төрағасы

Д.Маратұлы

Сайлау комиссиясының хатшысы

Т.Сағынбаев

Абай ауданының Кеңгірбай би ауылдық округінің әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданының Кеңгірбай би ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылдың 30 қарашасына тағайындалсын.

2. 2025 жылғы 30 қарашасына тағайындалған Абай ауданының Кеңгірбай би ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парағында және аудандық «Абай елі» газетінде жариялансын.

Сайлау комиссиясының төрағасы

Д.Маратұлы

Сайлау комиссиясының хатшысы

Т.Сағынбаев

ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИНЫ - АЙ...

Ағаш тамыры-
мен, адам досымен
мықты деген. Менің
сыныптас досым
Сәкен Есімжановтың
өмірден өткеніне 1
жыл толды. Сәкен
өмірден өткенге
дейін жақсы достар
болдық. Қазір орны
ойсырап қалды.



Сәкен мен ағасы Мержан әке тәрбиесін көрмей өсті. Алайда шешелері Бейбіжан жақсы тәрбиелеп өсірді, оқытты, үйлендірді. Сәкен сыныптас тастар арасында барлық жағынан бірінші болды. Бәрімізден бұрын Қарқаралының қызы Рымға үйленді, әке болды. Екі диплом алды, шаруа қожалығын ашты, дүкен наубайхана ашып, қол жетімді бағамен саудасаттық жасады.

Сәкен мен Рым ерінбейтін еңбекшіл, парасатты, қонақжай, дастарханы мол, достары көп, әзіл қалжыңдары қоса жүретін, аудандағы үлгілі жанұяның бірі болды. Екеуі өмірге 5 бала әкелді. Барлығы да жоғары білім алды, балаларынан

немере шөбере сүйді. Сәкен еңбек жолын зат дайындау мекемесінен бастап, аудандық тұтынушылар бірлестігінде басшы болып, сауда саласында мінсіз қызмет жасады. Үлкенмен де, кішімен де сыйластыққа жол тауып, тәжірибелі басшы, іскер ұйымдастырушы болды. Өнерлі жанұя Есімжановтардың жанұялық ансамблімен елге көріне білді.

Енді демалып, еңбектің рахатын көрер шағында сұм ажал ортамыздан алып кетті. Сәкен сүрінсең демейтін, жоқ болсаң қолындағысының бөліп беретін, ешнәрсенің бетіне қарамайтын, ақкөңіл, ешкімнің көңілін қалдырмайтын елгезек балажанды азамат еді. Оның жарқын бейнесі, істеген істері, әзіл-қалжыңы есімізде мәңгі сақталады.

Артында қалған отбасына сабыр, ұрпағына ұзақ ғұмыр тілеймін. Жылдық асы, қатым қабыл болсын.

Еске алушы сыныптасы:
Әсіма Дүрмекбайқызы
Астана, 2025 жыл



Қарауыл ауылының тұрғыны болған, ауған соғысының ардагері, аяулы ұл, асыл жар, ардақты әке Ертуғанов Қайрат Берікболұлының бақилық болғанына жыл толды. Шаңырағымыздың тірегі болған асқар таудай әкемізді сағына еске аламыз.

Бір жыл болды дүниеден өткеніңе,
Қоштасып бізден мәңгі кеткеніңе
Рухыңа бас иіп, еске аламыз.
Амал барма тағдырдың өткеліне.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда.

Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.

Көзімге ып-ыстық жас келеді,

Әкешім өзіңізді сағынып еске алғанда.

Сағынып еске алушылар: Ертуғановтар әулеті

Марқұм әкеміздің рухына бағышталған жылдық асы 1 қараша күні «Бөкенші баба» қатымханасында 13.00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жарың, ауылдастарды шақырамыз.



19 қазан – Құтқарушылар күніне орай

ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚЫРАҒЫ МАМАН



Қауіп алдында тайсалмай, ел амандығы үшін күн-түн демей еңбек ету – нағыз ердің ісі. Адам өмірін сақтау, апаттың алдын алу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін жауапты да ауыр міндет. Осындай қызметті абыроймен атқарып жүрген жандардың бірі – Абай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны **Дархан Ерғалиұлы**.

Дархан Ерғалиұлы 1991 жылы қасиетті Қарауыл топырағында дүниеге келген. Балалық шағынан еңбекқорлық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өскен ол Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алып, «Автоматтандыру және басқару» мамандығын игерген. Бүгінде сол алған білімін ел қауіпсіздігі жолындағы игі іске жаратып жүр.

Құтқарушылар қызметі – тек өрт сөндіру немесе апат кезінде әрекет ету емес. Ол – алдын алу, сақтандыру, түсіндіру және әр

адамның өміріне бейжай қарамау.

– «Қауіпсіздік ұсақ-түйектен басталады. Әрбір нәмісқайдылық үлкен апатқа себеп болуы мүмкін. Сондықтан біздің ең басты қағидамыз – алдын алу мен түсіндіру», – дейді азаматтық қорғау капитаны Дархан Төлеуғали.



Бұл сөздің астарында үлкен өмірлік тәжірибе жатыр. 2021 жылдың қарашасында Көкбай ауылында болған өрт кезінде Дархан Ерғалиұлының батыл шешімі талай отбасының амандығына себеп болды. Ол сол түні шұғыл әрекет етіп, ауыл тұрғындарын оятып, 25 ірі қара мен көлікті қауіпсіз аймаққа шығаруға басшылық еткен. Нәтижесінде жалпы құны 10 миллион теңгеден астам мүлік аман қалды. Бұл – нағыз кәсіби шеберліктің үлгісі.

Дархан Төлеуғалидің жұмысы тек төтенше жағдай кезінде ғана емес, күнделікті өмірде де маңызды. Ол ауылдық нысандарды аралап, өрт қауіпсіздігін тексеріп, тұрғындарға үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. 2024 жылдың өзінде 900-ге жуық адамды қамтитын кездесу-

лер мен дәрістер өткізіп, халықтың қауіпсіздік мәдениетін арттыруға өз үлесін қосып келеді.

Кәсібіне адал, ісіне ұқыпты маман еңбегі елеусіз қалған жоқ. 2022 жылы ол Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильиннің Құрмет

грамотасымен марапатталды. Ал 2025 жылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы кезінде аудан аумағындағы қауіпсіздік шараларын үйлестіруде ерекше көзге түсіп, өрт сөндіру бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырды.

Әріптестері оны сабырлы да еңбекқор маман ретінде бағалайды. Дархан Ерғалиұлы – үш баланың әкесі, отбасына қамқор, адал жар. Жұмыс пен отбасы жауапкершілігін тең ұстап, қоғамға да, шаңырағына да шынайы үлгі болып отыр.

– «Құтқарушы болу – тек мамандық емес, өмірлік миссия. Бұл жолда сабыр мен төзім, жанашырлық пен кәсібилік қажет. Ең бастысы – халық сенімін ақтау», – дейді Дархан Ерғалиұлы.

Қай істің де қадірі бар, бірақ ел қауіпсіздігі жолындағы еңбектің орны бөлек. Дархан Төлеуғали сынды ерлер – елдің шынайы қорғаны, бейбіт өмірдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуші азаматтар. Құтқарушылар күні құтты болсын!

Ел амандығы үшін тер төгіп жүрген әр құтқарушының еңбегіне мың алғыс!

Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ,
«Абай елі»



● Бәрекеңгі! ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ ӨРЕЛІ ӨРЕНДЕРІ



Ауданымыздағы Көркемсурет мектебінің шәкірттері қылқалам шеберліктерімен ұстаздарының баптауымен талай додаларда топ жарып келеді. "Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға" демекші, 2025-2026 оқу жылында "Балалар көркемсурет мектебінде, ауыл мектептерінің жанындағы филиалдары қосқанда 164-оқушы білім алу-да. Мектепте 13-педагог маман қызмет жасайды.

Балалар көркемсурет мектебі КМҚК-нің дарынды оқушылары Нұрболатұлы Нұрбұлан,

Берікқанова Жанерке өткен 2024-2025 оқу жылында "Бояулар құпиясы" жас суретшілердің республикалық байқауының облыстық кезеңіне қатысып 1-дәрежелері дипломдармен марапатталған болатын. 2025 жыл 24-ші қазанда Алматы қаласында өткен Республикалық жас суретшілер байқауына, тақырыптық номинациялар бойынша жас ерекшеліктеріне қарай 120-оқушы қамтылып қатыстырылған еді.

Нәтижесінде мектебіміздің 5-курс оқушылары Нұрболатұлы Нұрбұлан 1-дәрежелі дипломмен марапатталды жетекшісі: Исаха-



нов Әділ Маутханұлы

Берікқанова Жанерке қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды жетекшісі: Жұматай Айбын Жұматайұлы.

2025-2026 оқу жылында "Бояулар құпиясы" Республикалық жас суретшілер байқауына "Бейбітшілік пен мейірімділік біздің қолымызда" номинациясының жеңімпазы мектебіміздің дарынды оқушылары сыннан сүрінбей жеңімпаз атанып қайтты.

Білімді мыңды жығар демекші Исаханов Әділ ұстаздың шәкірті Нұрболатұлы Нұрбұлан бұдан бұрын да бірнеше байқаулардан жеңімпаз атанып жүрген талантты да дарынды шәкірт.

Мектеп директоры Тұрысбекова Нұргүл Сүниятқызы басқарған өнерлі де білімді ұжымда, киелі шаңырақта осындай талапты да талантты шәкірттер түлеп ұшып жатыр. Ұрпақтарымыз сурет өнерлерімен биікті бағындырып жатса, ұжымның, қала берді ауданның абыройының асқақтағаны деп білеміз

Анар СӘРСЕНБИНА,
«Абай елі» газетінің жауапты хатшысы, журналист
Республикалық «Ұлылар елінің ұрпақтары» журналының директор-Бас редакторы

Мойыңда ұл алып...



Құрметті: Бибиғул Тлеухановна!

Сізді 60 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Бұл жас-өмірлік тәжірибе мен толысқан ойдың биік шыңы. Өмірдің сан тарау соқпағынан өтіп, туған-туыстың қамқары, бауырлардың ақыл – кеңес берер әпкесі, дос-жаранның, ұжымдастардың сыйласа білген құрбысы болып жеткен асқаралы жас.

Сізге мықты денсаулық, шалқар көңіл тілей отырып, алда әлі де асар асуларыңыз, шығар белестеріңіз биік болсын деп тілейміз.

Қарапайым еңбекпен ғұмыр кешкен, Кір жуып, үтік басып еңбек еткен. Кішкене үйін кең сарайдай өрлендіріп, Бико апамыз өз қолымен сән берген. Еңбегіне намыстанып көрмеген, Жан-дүние арпалысын ішке бүгіп, сыр бермеген. Денсаулығы шаршасада тоқтамай, Таңмен бірге тіршілікке кіріскен. Қамқор болып бауырға, сыйлы болған ұжымға, Жаныңыздан табылар құрбы менен досыңда, Әпке деген-бір дәуір, бір тағдыр ғой, Үлгі қылар жансыз сіз біраз жанға. Алпыстың асқарында тұрсыз міне, Соңыңыздан ізет пен құрмет іле. Сіздің ғұмыр еңбегіңіз үлгі бізге

Баян Байғожина атындағы бөбекжайы ұжымы



Abai eli

“Abai eli”
Жауапкершілігі шектелді серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық - саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
“Abai eli” ЖШС Директор - Бас редактор
АКРАМ ЖІБЕК ЖАНАРБЕКҚЫЗЫ
Жауапты хатшы Анар СӘРСЕНБИНА
Журналист Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ
Дизайнер Жансая СОВЕТБЕКОВА
Редакцияның мекен-жайы:
180014 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй. Тел/факс: 9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын қайтармайды.
Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01.07.13 жылы тіркеліп, N 13720 - Г тіркеу куәлігі берілген.
ТОО «Печатное издательство-агентство «Рекламный Дайджест» баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Өскемен қаласы Абай даңғылы 20 үй
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №
2 Баспа табак.